

■ Дәстүрінді сақтай біл!

■ Дәстүрінді сақтай біл!

Ұлттық мәдениетіміз жаңғыра берсін!

Бүгін де қазақтың көзқарасы, дүниетанымы көз алдымызда қатты өзгеріп барады. Мысалы, қазір бөксесі мен омырауын көрсетіп, қысқа етек-жең киіп, ашық-шашық жүргендерге біз реніш көзімен қарамайтын болғанбыз. Қоғамның еті оған әбден үйренген. Тіпті бұлай киінуді мәдениеттіліктің нышаны секілді көретін болдық. Алайда қыз балалардың шарифаттан шалыс, әдет-ғұрыптан қалыс кетуінен бүгін біздің қоғамымызда көптеген күрделі мәселелер

Тарихы мен ерекшеліктері киім адамды қоршаған ортаның әртүрлі әсерінен қорғап, денесіне сән береді. Қазақтың ұлттық киімдері оның бай тарихы-мәдени мұрасы өзге халықтардың киімдерінен басқаша және ерекше қасиетке, сән-салтанатқа ие. Қазақтар киімді солға қарай қаусырады. Бұл сақ тайпаларының киімдеріне, орта ғасырлардағы түріктерде кездесетін ерекшелік. Ғалымдардың зерттеулеріне қарасақ, VI ғасырда Қазақстан территориясында көптеген түркі тайпаларын біріктірген қуатты мемлекет – Түркі қағанаты өмір сүрді. Ол Иран, Византия мемлекеттерінен сауда-саттық жасап, Ежелгі Русьтен қымбат бағалы аң терілерін, қымбат барқыт, алтындап тоқыған парша маталар сатып алып, көркем киім-кешектер тігіп дайындады. Сол кезде қағанат жерінде адамдар жібектен тігілген киімдер киді. Қаған ордасында болған Қытай монахы Сюань Цзянь бұл жөнінде былай деп жазды: «Қаған жасып жібектен желбегей шапан киген, ал оның жанында жүрген нөкерлері қамқандан желбегей шапандар жамылған, қандай тамаша көрініс».

Адамның дене мүшелеріне сәйкес бас киім, дене киім, аяқ киім деп жіктеледі.

Сондай-ақ қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша әр рудың, әр қоғамдық жіктің, кәсіп иелерінің киім киюінің өзіндік ерекшеліктері сан алуан. Мысалы: сал-серілердің, қожа-молдалардың, байлар мен билердің, бақсы-балгерлердің, кедей шаруалардың, аңшы-саятшылардың киімдері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Осындай ерекшеліктерді бас киім кию дәстүрінен де байқауға болады. Әр ұлтты өзге ұлттан айыратын оның сыртқы сыйпатын анықтайтын белгілерінің бірі ұлттық киімі. Сондықтан



Шапан жеңінің екі беті бір-ақ қиылады. Ұлы жүз қазақтарының шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, әшекейлі келсе, Орта жүз тұрғындарының шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырсуыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ оймалы немесе түймелі болған. Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, бидайлаған қалың, қайырма жағалы болып тігілген. Қазақтар шапанға шабу, жең түптеріне ойынды, қолтырмаш қояды. Қазақ халқының ұлттық киімдерінде тұрғындардың ру-тайпалық ерекшеліктері де көрінеді және ол көбіне бас киім мен шапаннан байқалады. Мысалы, 8 сай уақ тымақ, 3 құлақты керей тымақ; қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмалаған 6 сай найман тымақ, 4 сай жатаған тобықты тымағы (М.Әуезовтың айтуынша) болған. Аймақ ерекшелігіне қарай Жетісу, Арқа, қоңырат үлгісіндегі тымақтар деген атауларға бөлінеді.

Туындап отырғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Мәселен, жеңіл киінудің аяғы жеңіл жүріске ұласады. Тарихымызға үңілсек, қазақ қыз бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамаған. Қазақ қашан да қыз баланы аялы алақанына салып, мөпелеп еркелетіп, көзінің ағы мен қарасындай қарап, тәнін сау, жанын таза етіп өсіруге тырысқан. Жақсы көрумен бірге өсіп келе жатқан нәзік жандардың тәрбие-тәліміне де немқұрайлы қарамай, қатаң талаптар қоя білген елміз. «Қыз өссе елдің көркі» деп бойжеткендерді тек бір отбасының ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышына, абыройына, тіпті ар-намысына балап келгенбіз. Қыз баланың жүріс-тұрысына, сөзіне, жиған жүгіне, киген киіміне, құйған шайына қарап, ата-бабамыз оның қандай отбасынан шыққанына, қандай аның тәрбиесінен өткендігіне баға беретін болған. Ал ұятқа қалдырар оғаш қылық жасап қойған қыздарды бүкіл жұрт болып тыюға тырысқан. «Қызға қырық үйден тыю» деген дәстүріміз баршаға ортақ әлеуметтік қағида болған.

Орта ғасырда қазақ жерінде өмір сүрген түркі тайпаларының бас және сыртқы киімдерінің үлгілері Орхон-Енесей ескерткіштері мен тас мүсіндерде сақталып қалған. XI ғасырда Түркі қағанатының жері ұлы даланың ұлы перзенттері – қыпшақтардың қолына көшіп, көшпенділердің киім үлгілері әрі қарай байи түсті. Қазақтың бірнеше ұлттық киімдерінің түрлері мен атауы ұлы жүздің, оның руларының аттарымен де жеке бөлініп айтылды. Олар қыпшақ тымақ, адай бөрік. Біздің ұлттық киімдеріміз географиялық аймағына қарай да ерекше үлгілер жасалған. Олардың кейбірін Жетісу үлгісі, Арқаның үлгісі деп бөліп жатады.

Ұлттық киім әр халықтың материалдық мәдениетінің бір бөлігі болып саналады. Ұлттық санамыз қайта жаңғырып түрлі мерекелерде қазақты киім киюді қайта салтқа айналдыруға тырысып жатқанмен ұлттық киім әлде болса қазіргі өмірге толық сіңісе қоған жоқ. Ұлттық киім бар да оны кию мәдениеті де бар. Біз сол мәдени дәстүрлі жоғалтып алмауымыз керек. Ал адамдар киіммен өзінің басқаға деген сыйластық сезімін, көңілдегі қуаныш пен басқа түскен қайғысын да бідіре білген. Қазақтың ұлттық киімінің, жастар киімінің де өз ерекшеліктері бар. Жас деңгейіне қарай бөліну, ер адам киімінен гөрі, әйел адам киіміне тән.

Ұлттық киімдерді дәстүрлі әдіспен әшекейлеп әзірлеу қолданбалы ою-өрнекті қолдану ғасырлар бойы сіңірген қазақ халқының өнері болып табылады. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, ондағы оюлардың өзі сонау ата-бабаларымыздың тарихымен астасып жатса керек және осы жылдарға жеткен ою-өрнек түрлерін 4-топқа бөліп қараймыз.

- Олар:
- 1-ші: Зооморфты (аң пішіндес)
 - 2-ші: Өсімдік пішіндес
 - 3-ші: Геометриялық денелер пішіндес
 - 4-ші: Космонологиялық пішіндес түр (көк әлеміне байланысты)

Әсіресе осы оюлардың ішінде өсімдік пішіндес ою-өрнекті көбіне қыз балалардың камзолына, сәукелесіне сәйкестендіріп салып отырған. Ал қазақ халқының жолға шығарда киетін киімдерінің өзіне салынатын оюларды да ерекше болған. Оларға аң пішіндес ою-өрнектер салып отырған. Себебі: «Жортқанда жолың болсын» – деп құстың,

Қазақтардың ұлттық киім кигені дұрыс. Ұлттық киімнің тәрбиелік мәні зор. Рухты тәрбиелейді. Маңғыстау елінде ұлттық киімдердің қазіргі заманға сай үлгіде тігілген керемет киімдерін көруге болады. Менде осы ұлттық киімдеріміздің жандануына, ары қарай үлес қоссам деген ойдамын. Киім үлгілерінің ұлттық көрінісінің нақыштары, өрнектері, айшықты, ырғақты, стильдерді өз ерекшеліктерімен құнды. Ұлттық киімді әшекейлеп әзірлеу, қолданбалы ою-өрнекті қолдану, ол ғасырлар бойы сіңірген қазақ халқының өнері болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық киімдері этнологиялық, экономикалық және климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігіледі. Қазақтарда ішкі, сырттық, сулық, бір киер, сәндік және кейбірінде салтанат-ғұрып киімдері

Қазақтың ұлттық киім үлгілеріне көршілес орыс, тәжік, қырғыз, түркімен халықтарының киім тігу тәсілдерінің де тиісінше ықпалы мол. Қыпшақтардың ішкі-сыртқы киімдері көшіп-қонуға еркін, жүріп-тұруға, ауа-райының барлық жағдайларына қолайлы етіп тігілген. Негізінен, Еуропаға шалбар киюді үйреткен – Қыпшақтар. Олардың киімдері тәзімді, ыңғайлы, қарапайым да әсем болған, мұндай киім киген адамдарға қыстың қаһарлы аязы, жаздың алтап ыстығы, күздің қара суығы, жауын-шашын ешбір қауіп-қатер төндіре алмаған.

Қазақтың ұлттық киімдерінің жасалуы жөнінде Сәбит Мұқанов былай деп жазды: «Адамға ауа-райының қолайсыз жағдайынан қорғаны үшін және көріктілік үшін киім қажет. Ертедегі адамдардың киім-кешектері мал терісінен жасалған. Әсіресе, тері сырт киім үшін пайдаланылады». Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдердің бәрін жүріп-тұруға бөгет жасамайтындей етіп тіккен. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Өткен ғасырлардың өзінде-ақ киіміне қарап адамның ұлтын ғана емес, сонымен қатар оның қандай дінді ұстанатындығын, қала адамын ауыл тұрғынынан, бойжеткенді жас келіншектен айыруға болатын еді. Сонда біздің ата-бабаларымыз, соның ішінде әйел заты қалай киінген?

Мұндайда тарихи деректер, саяхатшылар жазбалары, көне сызба-суреттер сыр шертеді. Қазақтың ұлттық киімдерінде оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері сақталған. Олар пайдалану, қолдану ерекшеліктеріне байланысты күнделікті және сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусымдық және жаздық киімдер болып бөлінеді.

Қазақтың ұлттық киімдерін жас пен жыныс ерекшелігіне қарай: сәби, бала кездегі киімдер, жігіт, қыз боз бала киімдері, орта жас киімдері деген сияқты түрлерге жіктеуге болатындай. Сондай-ақ қандай кәсіби салаға қатыстылығына қарай – жұмыс киімдері, бір киер сәндік киімдер, үй киімдері, іш киімдер, сырт киімдер, аңшы, малшы, басшы, жауынгер киімдері деп те бөлінеді. Жыл мезгіліндегі тұтынысына қарай жаздық, қыстық, күз-жазғытұрымғы киім деп ажыратылады.



аңның бейнесіндегі оюларды келтірген. Сонымен қатар геометриялық оюларды да ер адамдардың киімдеріне салған. Қазақ шапандары алдыңғы екі өңірі, артқы бой, екі жең және жағасын ойып пішіледі. Артқы бойдың екі жақ шеті алдыңғы өңірге қусырыларда оның екі жақ етегіне, бел мықына жеткенше, екі үшкіл қойма қойылады. Оның етек жағы енді, бел жағы еңсіз келеді («шабу» деп атайды).

болады. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиындарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған. Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдердің ең жақсы, таңдаулысын киген.

Ішкі киімдері: көйлек, дамбал, желетке, кәжекей.

Сырт киімдерге: шапан, күпі, кеудеше, тон.

Әжелер, аналар және жеңгелер жасөспірім қыз баламен оңаша сұхбаттасып, «мытшақ болма, ұрысқақ болма, әдепсіз болма» деп тал бойынан тарыдай мін табылмайтындай етіп, арнайы тәрбие беріп, үлкен өмірге даярлап келген. Қыз баланың иба-инабаты, өзгеге іттипаты, сыртқы бітім-келбеті, киім-кешегі, мінезі, отырысы, жүрісі, тіпті әрбір аяқ басқаны – бәрі назардан тыс қалмаған. Қыз бала өзін дұрыс ұстамаса, қоғамда көптеген түлінді мәселелердің туындауына себеп болып қалатынын да қыздардың құлағына жастайынан сіңіріп отырған ел еді! М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжінде, «Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу», «Трикотаж, тоқыма галантерее бұйымдары технологиясы» мамандықтары оқытып, қазіргі білім саласына өз үлесімзді қосып келеміз. «Қазақтың ұлттық киімдері» тақырыбында жазылған осы мақаламды, ежелгі қолдануынан шығып қалған ұлттық киім үлгілерін жарыққа шығардым. Оның бүгінгі және келешек ұрпақ арасында қолдау табуы мақсатында халыққа үндеу-насихат жүргіздім. Осы тақырыбымыздың қазіргі және келешек ұрпақ үшін де мәні аса жоғары деп есептеймін. Бұл ұлттық нақыштағы киімдерімізді насихаттаудың тиімді жолы. Көшелерде, түрлі қоғамдық орындарда әрі заманымызға сай, әрі қазақты, әрі мұсылмандық канондарға сай киінген қыз-келіншектер көбейсе, ұлттық мәдениетіміз де өркен жая бастайтыны даусыз. Әрине, бір ғана ұсыныспен бүкіл мәселе бірден шешіле қоймас. Бірақ осы тақырыптағы мәселелерді әрі қарай іліп әкетіп, қоғамдық шараларда, мектеп, балабақшаларда дәстүрлі түрде жиі тәрбие сағаттарын өткізудің жолдарын қарастырса құба-құп. Сөз соңында, елімізге тілерім ұлттық мәдениетіміз жаңғыра берсін, ұлдарымыз салмақты, қыздарымыз ибалы болсын! Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Майра НУРҒАЛИЕВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің арнайы пән оқытушысы.